



**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**

**2024 жылғы 1-тоқсандағы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес аудиттелмеген аралық қысқартылған қаржылық есептілік**

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ  
Қаржылық жағдай туралы есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескер.	31 наурыз 2024 жыл (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2023 жыл
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	4	213,265,730	124,974,982
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	5	294,793,271	284,039,085
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек		683,643	136,338
Клиенттерге берілген кредиттер мен аванстар	6	934,969	1,214,754
Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	7	7,363,704	5,692,121
Негізгі құралдар		2,701,988	2,051,605
Материалдық емес активтер		241,619	264,471
Пайдаға салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу		2,539,318	2,075,575
Кейінге қалдырылған салық активі		582,713	582,713
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер		28,347	28,347
Өзге де активтер	8	1,252,531	1,075,511
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>524,387,833</b>	<b>422,135,502</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Қарыз қаражаты	9	149,316,047	148,272,206
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		1,005,289	1,035,039
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	10	82,623,099	2,972,435
Болашақ кезеңдердің кірістері және кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервтер	11	76,522,744	68,393,748
Өзге де міндеттемелер	12	1,661,965	889,865
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>311,129,144</b>	<b>221,563,293</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	13	102,920,273	102,920,273
Қосымша төленген капитал		10,735,627	10,735,627
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры		(335,283)	(363,647)
Өзге де резервтер		316,430	316,430
Бөлінбеген пайда		99,621,642	86,963,526
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>213,258,689</b>	<b>200,572,209</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>524,387,833</b>	<b>422,135,502</b>
<b>Бір жай акцияның баланстық құны (теңге)</b>	<b>14</b>	<b>7 672,91</b>	<b>7 215,11</b>

**Басқарма Төрайымының Орынбасары: Макажанов Б.Н.**

(тегі, аты, әкесінің аты)

**Бас есепші: Бекмуратова А.Т.**

(тегі, аты, әкесінің аты)



(қолы)

(қолы)

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Пайда немесе Залал және Өзге де Жиынтық Кіріс туралы есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Аяқталған үш ай		
	Ескер.	31 наурыз 2024 жыл (аудиттелмеген)	31 наурыз 2023 жыл (аудиттелмеген)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер	16	9,017,945	9,414,610
Өзге де ұқсас кірістер	16	1,673	1,720
Пайыздық шығыстар	16	(1,857,199)	(1,983,869)
<b>Таза пайыздық кірістер</b>		<b>7,162,419</b>	<b>7,432,461</b>
Клиенттердің кредиттері мен аванстары және қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша кредиттік шығындарға бағалау резервін қалпына келтіру/(құру)		(69,434)	(628,352)
<b>Кредиттік портфельдің құнсыздануына резерв құрылғаннан кейінгі таза пайыздық кірістер</b>		<b>7,092,985</b>	<b>6,804,109</b>
Таза комиссиялық кірістер	17	6,878,538	7,155,605
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер	18	125,813	1,015,126
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздардан шығыстарды шегергендегі кірістер		3,091	1,460
Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер		-	(11,679)
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстарды шегергендегі кірістер		(50,917)	(57,771)
Борыштық бағалы қағаздардың құнсыздануы		200	(41,671)
Басқа активтердің құнсыздануына резервті/резервке аударымдарды қалпына келтіру		(58,080)	(36,762)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті/ (резервке аударымдар) қалпына келтіру	19	936,130	3,017,637
Таза өзге операциялық кірістер/(шығыстар)		41,444	73,270
Қордың бағдарламаларын іске асыру бойынша шығыстар		(514,668)	(305,560)
Жалпы және өкімшілік шығыстар		(1,796,420)	(1,550,097)
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>		<b>12,658,116</b>	<b>16,063,667</b>
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар		-	-
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА</b>		<b>12,658,116</b>	<b>16,063,667</b>
<b>Өзге де жиынтық кіріс:</b>			
<i>Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>			
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар:		28,364	175,805
<b>Жыл ішіндегі өзге де жиынтық шығын</b>		<b>28,364</b>	<b>175,805</b>
<b>ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>		<b>12,686,480</b>	<b>16,239,472</b>

Екі кезеңдегі пайда мен жиынтық табыстың жалпы сомасы толық көлемде Қордың акционеріне тиесілі.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Капиталдағы Өзгерістер туралы есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры	Өзге де резервте р	Бөлінбеген (шығын)/пайда	Жиыны
<b>2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>102,920,273</b>	<b>10,735,627</b>	<b>(771,353)</b>	<b>316,430</b>	<b>61,787,891</b>	<b>174,988,868</b>
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	16,063,667	16,063,667
Өзге де жиынтық шығын	-	-	175,805	-	-	175,805
<b>2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдағы жиынтық кіріс (аудиттелмеген)</b>			<b>175,805</b>		<b>16,063,667</b>	<b>16,239,472</b>
Капиталға жарналар	-	-	-	-	-	-
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	-	-
<b>2023 жылғы 31 наурыздағы қалдық (аудиттелмеген)</b>	<b>102,920,273</b>	<b>10,735,627</b>	<b>(595,548)</b>	<b>316,430</b>	<b>77,851,558</b>	<b>191,228,340</b>
<b>2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық</b>	<b>102,920,273</b>	<b>10,735,627</b>	<b>(363,647)</b>	<b>316,430</b>	<b>86,963,526</b>	<b>200,572,209</b>
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	12,658,116	12,658,116
Өзге де жиынтық шығын	-	-	28,364	-	-	28,364
<b>2024 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдағы жиынтық кіріс (аудиттелмеген)</b>			<b>28,364</b>		<b>12,658,116</b>	<b>12,686,480</b>
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	-	-
<b>2024 жылғы 31 наурыздағы қалдық (аудиттелмеген)</b>	<b>102,920,273</b>	<b>10,735,627</b>	<b>(335,283)</b>	<b>316,430</b>	<b>99,621,642</b>	<b>213,258,689</b>

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**  
**Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп**

	Аяқталған үш ай	
	2024 ж. 31 наурыз (аудиттелмеген)	2023 ж. 31 наурыз (аудиттелмеген)
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>		
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты:</b>		
Алынған пайыздар	5,080,950	6,677,638
Төленген пайыздар	(110,809)	(377,774)
Алынған комиссиялар	15,651,996	12,819,177
Төленген комиссиялар	(18,670)	(18,050)
Басқа операциялық қызметтен түсетін түсімдер	88,703	51,876
Еңбекақы төлеу бойынша төленген шығындар	(1,298,955)	(1,093,878)
Төленген жалпы және өкімшілік шығыстар	(927,400)	(714,777)
Пайдаға төленген салық	-	(782,000)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты</b>	<b>18,465,815</b>	<b>16,562,212</b>
<i>Таза (өсім)/төмендеу:</i>		
- қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша	(6,593,866)	2,643,173
- клиенттерге берілетін кредиттер мен аванстар бойынша	(114,678)	153,807
- Өзге де қаржы активтері бойынша	(3,786,832)	(2,004,597)
- басқа активтер бойынша	-	21,535
<i>Таза өсім/(төмендеу):</i>		
- Өзге де қаржылық міндеттемелер (субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер) бойынша	82,627,572	44,546,921
- Өзге де міндеттемелер бойынша	166,604	42,720
<b>Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты</b>	<b>90,764,615</b>	<b>61,965,771</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаты</b>		
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(3,075,000)	(372,800)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер	1,363,816	5,590,389
Негізгі құралдарды сатып алу	(6,668)	(7,826)
Материалдық емес активтерді сатып алу	-	(4,704)
Сату үшін активтерді сатудан түсетін түсімдер	200	1,800
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>	<b>(1,717,652)</b>	<b>5,206,859</b>
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаты</b>		
Қарыз қаражатын алу	325,000	500,000
Қарыз қаражатын өтеу	(1,043,001)	(1,000,079)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түсетін түсімдер		
Ұзақ мерзімді жалдауды өтеу	(49,105)	(42,442)
Акционерлерден капиталға жарналар	-	-
Төленген дивидендтер	-	-
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>	<b>(767,106)</b>	<b>(542,521)</b>
Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері	(120)	85
Құнсыздануға резервтің өзгеруінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері	11,011	(35,724)
<b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза өсімі / (таза төмендеуі)</b>	<b>88,290,748</b>	<b>66,594,470</b>
Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	124,974,982	182,037,345
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>213,265,730</b>	<b>248,631,815</b>

## **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қаржылық есептілікке ескертпелер**

### **1 Кіріспе**

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі № 665 қаулысына сәйкес құрылды. Қор Қазақстан Республикасының аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау жөніндегі даму институты ретінде қаржылық қызмет көрсететін акционерлік қоғам ретінде тіркелген және өз қызметін жүзеге асырады.

2024 және 2023 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Қордың 100% акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Бас компания» немесе «Жалғыз акционер»). Қордың түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар бойынша ақпарат 22-ші ескертпеде ашылған.

**Негізгі қызметі.** Қордың негізгі қызметі - екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары және лизингтік компаниялар арқылы кредиттеу бағдарламалары шеңберінде қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік беру, консультациялық қолдау, ақпараттық-талдау материалдарын тарату. Қор Қазақстандағы шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін жеке және қарыз қаражатын пайдаланады.

Қордың 20 аймақтық филиалы бар. Бас кеңсесі Қазақстанның Алматы қаласында орналасқан. 2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша Қорда 429 қызметкер (2023 жылғы 31 желтоқсанда: 418 қызметкер) жұмыспен қамтылды.

**Тіркелген мекенжайы және қызмет жүргізу орны.** Қор Қазақстан Республикасы, Алматы, Гоголь көшесі, 111 мекенжайы бойынша тіркелген.

### **2 Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта**

**Қазақстан Республикасы.** Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір тән ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы қаржы секторы елдегі саяси, заңнамалық, қаржылық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшыраған күйінде қалып отыр. Теңгенің айырбас бағамы мен шикізат тауарларының бағасына қатысты белгісіздік сақталуда.

Экономикалық орта Қордың қызметі мен қаржылық жағдайына едәуір әсер етеді. Басшылық Қордың тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақтағы салдарын болжау қиын және басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың перспективалары көбінесе үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Қордың бақылауынан тыс құқықтық және саяси өзгерістерге байланысты.

**3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау**

**Есептілікті ұсыну негіздері.** Осы қысқартылған аралық қаржылық есептілік ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілік» сәйкес дайындалды және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жылдық қаржылық есептілігімен бірлесіп қаралуға тиіс.

**Құнды анықтауға арналған база.** Осы қаржылық есептілік әділ құны бойынша қаржы құралдарын бастапқы тануға және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша және өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауға түзетумен тарихи құны бойынша есепке алу қағидаларының негізінде дайындалды.

**Қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру.** Қордың басшылығы қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде осы аралық қаржылық есептілікті дайындады.

**Функционалдық валюта және аралық қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы.** Қордың функционалдық валютасы қазақстандық теңге («теңге») болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Қор жүргізетін операциялардың көпшілігі мен олармен байланысты, оның қызметіне әсер ететін мән-жайлардың экономикалық мәнін ең жақсы түрде көрсетеді.

Теңге аралық қаржылық есептілікке осы деректерді ұсыну валютасы да болып табылады.

Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер, егер өзгеше көрсетілмесе, ең жақын мыңға дейін дөңгелектелген.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған **есеп саясатының қағидаттары** төменде берілген.

**Қаржы құралдары - бағалаудың негізгі тәсілдері.** Әділ құн - бұл активті сату кезінде алынуы немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында ерікті негізде операция жүргізу кезінде міндеттемені беру кезінде төленуі мүмкін баға. Әділ құнды ең жақсы растау белсенді нарықтағы баға болып табылады. Белсенді нарық - бұл активпен немесе міндеттемемен операциялар тұрақты негізде бағалау туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық. Белсенді нарықта айналыстағы қаржы құралдарының әділ құны баға белгіленетін бағаны жеке активке немесе кәсіпорын ұстайтын олардың санына міндеттемеге көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Егер нарықтың әдеттегі тәуелділік сауда айналымы кәсіпорындағы активтер мен міндеттемелердің санын сіңіру үшін жеткіліксіз болса да, ал жекелеген операцияда позицияларды сатуға тапсырыстарды орналастыру баға белгіленетін бағаға әсер етуі мүмкін. Әділ құнды бағалау үшін қалыптасқан жағдайларда әділ құн үшін неғұрлым өкілетті болып табылатын сұраныс пен ұсыныс бойынша спрэд шегіндегі баға пайдаланылды және басшылық оны есепті күнгі операцияның соңғы бағасына тең деп есептейді. Қаржы активтерін бағалау үшін пайдаланылған бағаланатын нарықтық баға сұраныстың ағымдағы бағасы; ал қаржылық міндеттемелер үшін пайдаланылған баға белгіленетін нарықтық баға - ұсыныстың ағымдағы бағасы болады.

**Мәміле бойынша шығындар** қосымша шығындар болады және қаржы құралын сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты. Қосымша шығындар - егер мәміле жасалмаса, жұмсалмайтын шығындар. Мәміле бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері ретінде әрекет ететін қызметкерлерді қоса алғанда), консультанттарға, брокерлер мен дилерлерге төленген сыйақылар мен комиссиялық алымдарды, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдарды, сондай-ақ меншікті беру кезінде алынатын салықтар мен алымдарды қамтиды. Мәміле бойынша шығындар борыштық міндеттемелер бойынша сыйлықақыларды немесе дисконттарды, қаржыландыруға арналған шығындарды, ішкі әкімшілік шығыстарды немесе сақтауға арналған шығындарды қамтымайды.

**Амортизацияланған құн** негізгі борыш төлемдерін шегергендегі, бірақ өсірілген пайыздарды қоса алғанда, ал қаржы активтері үшін - құнсызданудан келтірілген шығындарды кез келген есептен шығаруды шегергендегі активтің бастапқы құнын білдіреді. Өсірілген пайыздар мәміле бойынша шығындарды бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған амортизацияны, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, өтеу сомасынан кез келген сыйлықақыны немесе дисконтты қамтиды. Ұлғайған купондық кірісті және амортизацияланған дисконтты немесе сыйлықақыны қоса алғанда, ұлғайған пайыздық кірістер мен ұлғайған пайыздық шығыстар (бар болса, ұсыну кезінде кейінге қалдырылған комиссияны қоса алғанда) жеке көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы есептің тиісті баптарының баланстық құнына енгізіледі.

**3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісі** - бұл құралдың баланстық құнына әрбір кезеңде тұрақты пайыздық мөлшерлемені (пайыздың тиімді мөлшерлемесін) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі.

**Қаржы құралдарын бастапқы тану.** Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша танылады. Барлық басқа қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құн бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезінде әділ құнды ең жақсы растау мәміле бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезіндегі пайда немесе залал, егер әділ құн мен нарықта бақыланатын сол құралмен өзге де ағымдағы мәмілелер немесе базалық деректер ретінде бақыланатын нарықтардың деректерін ғана пайдаланатын бағалау әдісі расталуы мүмкін мәміле бағасы арасында айырмашылық болған жағдайда ғана ескеріледі. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне және өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға инвестицияларға қатысты бастапқы танудан кейін күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві танылады, бұл активті бастапқы танығаннан кейін бірден бухгалтерлік шығынды тануға әкеп соғады.

**Қаржы активтерінің құнсыздануы: күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві.** Болжамдар негізінде Қор амортизацияланған құны бойынша және өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдармен және кредиттер беру жөніндегі міндеттемелерге және қаржылық кепілдік шарттарына байланысты туындайтын тәуекелдермен байланысты күтілетін кредиттік шығындарды бағалайды. Қор күтілетін кредиттік шығындарды бағалайды және әрбір есепті күнге кредиттік шығындарға бағалау резервін таниды. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мыналарды көрсетеді: (i) ықтимал нәтижелер диапазонын бағалау жолымен айқындалған объективті емес және ықтималдықты ескере отырып сараланған сома; (ii) ақшаның уақытша құны және (iii) шектен тыс шығындар мен күш-жігерсіз есепті күнге қолжетімді өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар мен болжанатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы барлық негізделген және расталатын ақпарат.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резервін шегере отырып, қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылады. Кредиттік міндеттемелерге және қаржылық кепілдіктерге қатысты қаржылық жағдай туралы есептегі міндеттемелер құрамында күтілетін кредиттік шығындарға арналған жеке резерв танылады. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың амортизацияланған құнындағы өзгерістер күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резервін ескермегенде пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі. Баланстық құндағы өзге де өзгерістер өзге де жиынтық кіріс құрамында «өзге де жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық құралдардан шығыстарды шегергендегі кірістер» бабында көрсетіледі.

**Қаржы активтерін тануды тоқтату.** Қор қаржылық активтерді тануды тоқтатады, (а) бұл активтер өтелгенде немесе осы активтерге байланысты ақша ағындарына құқықтар өзгеше түрде аяқталғанда, немесе (б) Қор қаржы активтерінен ақша ағындарына құқықтарды берді немесе беру туралы келісім жасасты, және бұл ретте (i) сондай-ақ мәні бойынша осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды, берді немесе (ii) мәні бойынша осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды бермеді және сақтамады, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығын жоғалтса. Егер контрагенттің сатуға шектеулер енгізбестен активті байланысы жоқ үшінші тарапқа толығымен сатуға практикалық мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

**Қаржы активтерін түрлендіру.** Кейде Қор қаржы активтері бойынша шарттық талаптарды қайта қарайды немесе өзгеше түрде түрлендіреді. Қор шартта көзделген ақша ағындарын түрлендірудің, өзгелермен қатар, мынадай факторларды ескере отырып, елеулі болып табылатынын бағалайды: актив бойынша тәуекелдер бейініне едәуір әсер ететін (мысалы, пайдаға қатысу немесе капиталға кіріс) жаңа шарттық талаптардың болуы, пайыздық мөлшерлеменің едәуір өзгеруі, валюталық деноминацияның өзгеруі, активпен байланысты кредиттік тәуекелге едәуір әсер ететін жаңа немесе қосымша кредиттік қамтамасыз етудің пайда болуы немесе қарыз алушы қаржылық қиындықтар көрмеген жағдайларда кредит мерзімінің едәуір ұзартылуы.

**Ақша қаражаты және олардың баламалары.** Ақша қаражаты және оның баламалары ақша қаражатының белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын және құнның елеусіз өзгеру тәуекеліне ұшырайтын баптар болып табылады. Ақша қаражаты және олардың баламалары барлық банкаралық депозиттерді және бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан кем басқа банктермен кері РЕПО шарттарын қамтиды. Үш айдан астам мерзімге пайдалануға шектелген қаражат алып тасталады. Ақша қаражаты және олардың баламалары амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.



**3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Басқа банктердегі қаражат.** Басқа банктердегі қаражат Қор контрагент банктерге аванстық төлемдер түрінде ақша қаражатын бергенде ескеріледі. Басқа банктердегі қаражат, егер (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталса және бұл ақша ағындары борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебіне төленетін төлемдерді ғана білдірсе және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар санатына жатқызылмаса, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

**Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар.** Бизнес-модель және ақша ағындарының сипаттамалары негізінде Қор борыштық бағалы қағаздарға инвестицияларды амортизацияланған құны бойынша, әділ құны бойынша өзге де жиынтық кіріс арқылы немесе әділ құны бойынша пайда немесе шығын арқылы бағалау санатына жатқызады. Борыштық бағалы қағаздар, егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталса, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, бұл ақша ағындары борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебіне төленетін төлемдерді ғана білдіреді және есепке алу сәйкессіздігін едәуір азайту үшін ерікті негізде пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде айқындалмайды.

**Клиенттерге кредиттер мен аванстар.** Клиенттерге кредиттер мен аванстар Қор клиенттің кредитін сатып алу немесе клиентке кредит беру мақсатында клиенттерге аванстық төлемдер түрінде ақша қаражатын бергенде ескеріледі. Бизнес-модель және ақша ағындарының сипаттамалары негізінде Қор клиенттерге кредиттер мен аванстарды бағалаудың мынадай санаттарының біріне жатқызады: (i) амортизацияланған құн бойынша: шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталатын, борыш пен пайыздардың негізгі сомасының есебіне төленетін төлемдерді ғана білдіретін кредиттер және ерікті негізде пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар санатына жатқызылмаған кредиттер және (ii) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша: өзге де жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құн бойынша немесе әділ құн бойынша бағалауға арналған SPPI-тест критерийлеріне немесе өзге де критерийлерге сәйкес келмейтін кредиттер пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады.

**Қаржылық кепілдіктер.** Қаржылық кепілдіктер Қордан, егер көрсетілген дебитор борыштық құралдың бастапқы немесе түрлендірілген шарттары бойынша уақтылы төлем жасамаған жағдайда, кепілдік ұстаушыға келтірілген шығындарды өтеу бойынша белгілі бір төлемдерді жүзеге асыруды талап етеді. Қаржылық кепілдіктер бастапқыда әдетте алынған сыйақы сомасымен расталған әділ құн бойынша көрсетіледі. Бұл сома кепілдіктің қолданылу мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезеңнің соңында міндеттемелер (i) күтілетін кредиттік шығындар моделін пайдалана отырып айқындалған кепілдік бойынша шығындарға бағалау резерві сомасының және (ii) бастапқы тану кезінде көрсетілген соманың амортизацияланбаған қалған қалдығының неғұрлым көбі бойынша бағаланады. Бұдан басқа, қаржылық жағдай туралы есепте актив ретінде көрсетілетін сыйақы бойынша дебиторлық берешекке қатысты күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві танылады.

**Міндеттемелерді орындау кепілдіктері.** Міндеттемелерді орындау кепілдіктері - егер шарт бойынша екінші тарап шартта көзделген міндетті орындамаса, өтемақы алуды көздейтін шарттар. Мұндай шарттар кредиттік тәуекелге қосымша шартта көзделген міндеттемені орындамау тәуекелін береді. Міндеттемелерді орындау кепілдіктері бастапқыда әдетте алынған сыйақы сомасымен расталған әділ құн бойынша көрсетіледі. Бұл сома шарттың қолданылу мерзімі ішінде сызықтық әдіспен амортизацияланады. Әрбір есепті кезеңнің соңында міндеттемелерді орындау кепілдігі шарттары бастапқы тану сомасының амортизацияланбаған қалдығының (i) ең көп сомасы бойынша бағаланады; және (ii) келтірілген құнға дейін дисконтталған есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша шартты реттеу үшін қажетті шығындарды ең жақсы бағалау. Егер Қордың міндеттемелерді орындау кепілдіктері шарттарын реттеу үшін төленген сомаларды өтеу үшін клиентке шартта көзделген құқығы болса, бұл сомалар кепілдік бойынша залал өтемақысын бенефициарға бергеннен кейін актив ретінде танылуға тиіс. Бұл төлемдер пайдадағы немесе залалдағы комиссиялық кірістердің құрамында танылады.

**Қарыз қаражаты.** Қарыз қаражаты қарсы агенттер Қорға ақша қаражатын немесе өзге активтерді берген сәттен бастап көрсетіледі. Туынды емес қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Егер Қор өз берешегін сатып алса, бұл міндеттеме қаржылық жағдай туралы есептен алып тасталады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген сома арасындағы айырма берешекті реттеуден түскен кірістердің немесе шығыстардың құрамына енгізіледі.

Акционерден қарыз қаражатын алған кезде Қор қарыз қаражатының әділ құнын айқындайды және әділ құн мен алынған ақша қаражаты арасындағы айырманы таниды. Бұл айырма пайдалар немесе шығындар туралы есептің құрамында немесе алынған қаражаттың мақсатына байланысты Қордың меншікті капиталының құрамында көрсетіледі. 4-ескертпеде осы жіктемені айқындау кезіндегі бағалау мен кәсіби пікірлер келтірілген.

**3 Есеп саясатының қағидаттарын қысқаша баяндау (жалғасы)**

**Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.** Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Қор шығарған облигацияларды қамтиды. Борыштық бағалы қағаздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Егер Қор меншікті шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алса, олар қаржылық жағдай туралы есептен алып тасталады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтеу арасындағы айырма берешекті мерзімінен бұрын реттеуден түскен кірістердің құрамына енгізіледі.

**Субсидиялау бағдарламалары.** Субсидиялар әртүрлі мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жауапты орган берген қаржыландыруды білдіреді. Қор субсидиялау бағдарламалары бойынша агент ретінде әрекет етеді. Үкіметтен алынған қаржыландыру қаражатты өтеу сәтіне дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттеме ретінде танылады. Қаржыландыру жергілікті банктерде Үкімет субсидиялаған жобалар үшін төлем ретінде орналастырылады. Қор өз қаржыландыруын жергілікті банктерге берген кезде, төлем мемлекеттік қаржыландыруды алғанға дейін субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек ретінде ескеріледі.

**Пайыздық кірістер мен шығыстарды тану.** Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатындардан басқа, барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есеп айырысу шарттың тараптары төлеген және алған және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен төлемдерді, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ барлық өзге де сыйлықақылар мен жеңілдіктерді қамтиды. Номиналды пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша пайыздық кіріс пайданың немесе залалдың құрамында «Өзге де ұқсас кірістер» бабында көрсетіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге жататын комиссиялар қаржылық активті қалыптастыруға немесе сатып алуға немесе қаржылық міндеттемені шығаруға байланысты ұйым алған немесе төлеген комиссияларды (мысалы, кредиттік қабілеттілікті бағалауға, кепілдіктерді немесе қамтамасыз етуді бағалауға немесе есепке алуға, құралды ұсыну шарттарын реттеуге және мәміле бойынша құжаттарды өңдеуге арналған комиссиялар) қамтиды. Егер Қордың нақты кредиттік келісім жасасу ықтималдығы болса және ол берілгеннен кейін қысқа кезең ішінде қарызды сатуды жоспарламаса, Қор нарықтық мөлшерлемелер бойынша қарыз бергені үшін алған міндеттемелер үшін комиссиялық алымдар тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Қор кредиттер беру жөніндегі міндеттемені пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттеме ретінде жіктемейді.

Құрылған немесе сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржы активтеріне қатысты тиімді пайыздық мөлшерлеме бастапқы тану кезінде әділ құнға дейін күтілетін ақша ағындарын (бастапқы күтілетін кредиттік шығындарды қоса алғанда) дисконттайтын мөлшерлемені білдіреді (өдетте сатып алу бағасына сәйкес келеді). Нәтижесінде тиімді пайыз кредиттік төуекелді ескере отырып түзетілген болып табылады.

Пайыздық кіріс мыналардан басқа қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептеледі: (i) құнсызданған (3-кезең) және олар үшін пайыздық кіріс олардың амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептеледі (күтілетін кредиттік шығындарға резервті шегергенде); және (ii) олар үшін кредиттік төуекел ескеріле отырып түзетілген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнға қолданылатын құрылған немесе сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен тұрады.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**

**2024 жылғы 1-тоқсандағы қысқартылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер**

**4 Ақша қаражаты және олардың баламалары**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2024 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)</b>	<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіндегі (ҚР ҚМ) талап етілгенге дейінгі шоттағы қалдықтар	143,025,373	55,586,431
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем сатып алу және кері сату (Кері РЕПО) шарттары	38,224,763	42,417,787
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Ұлттық Банкіндегі (ҚР ҰБ) шоттағы қалдықтар	9,522,900	3,038,790
Коммерциялық банктердегі талап етілгенге дейінгі шоттағы қалдықтар	22,493,116	23,907,543
Өтеу мерзімі үш айдан аз ҚР ҰБ ноттары	-	35,865
Кредит залалдарға бағалау резервін шегергенде	(422)	(11,434)
<b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының жиыны</b>	<b>213,265,730</b>	<b>124,974,982</b>

Талап еткенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін субсидиялау үшін алынған қаражатты қамтиды (10-ескертпе).

**5 Қаржы мекемелеріндегі қаражат**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2024 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)</b>	<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>
Қаржы мекемелеріне берілген кредиттер	189,024,375	184,486,192
Исламдық қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде берілген кредиттер	16,494,456	15,952,054
Банктердегі бастапқы өтеу мерзімі үш айдан астам депозиттер	65,068,304	60,081,304
Қаржы мекемелерінің борыштық бағалы қағаздары	30,070,055	29,793,560
Кредиттердің құнсыздануына арналған резервті шегергенде	(5,863,919)	(6,274,025)
<b>Қаржы мекемелеріндегі қаражат жиыны</b>	<b>294,793,271</b>	<b>284,039,085</b>

2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша қаржы мекемелеріне берілген кредиттер балансының шамалы өзгеруі кредиттерді жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеуден туындады.

Берілген қаражат бойынша өділ құн туралы ақпарат 21-ескертпеде келтірілген.

**6 Клиенттерге кредиттер мен аванстар**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2024 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)</b>	<b>2023 жылғы 31 желтоқсан</b>
Шағын және орта кәсіпорындарға кредиттер	1,238,016	1,619,047
Төленген кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек	6,490,248	5,903,027
Кредиттік залалға резервті шегергенде	(6,793,295)	(6,307,320)
<b>Клиенттерге кредиттер мен аванстар жиыны</b>	<b>934,969</b>	<b>1,214,754</b>

Қазақстан аумағындағы ресейлік банктердің еншілес банктеріне қатысты санкциялар енгізудің жоғары тәуекеліне байланысты Қор осы банктерде орналастырылған қаражатты азайту жөнінде шаралар қабылдады. 2022 жылы Қор цессия шартын жасасты және банктердің Қор алдындағы берешегін өтеу есебінен осы банктердің кредиттер портфелін қабылдады. 2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша кредиттерді жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеуге байланысты кредиттер балансының төмендеуі байқалады.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**

**2024 жылғы 1-тоқсандағы қысқартылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер**

Төленген кепілдіктер бойынша дебиторлық берешек Қор қаржылық кепілдіктер берген және Қор екінші деңгейдегі банктердегі кредиттері бойынша осы компаниялардың дефолтының басталуына байланысты төлемдер жасаған шағын және орта бизнес субъектілеріне қатысты Қордың талаптарын білдіреді. Тарихи тұрғыдан алғанда Қор осы дебиторлық берешек бойынша болмашы төлемдер алды, осыған байланысты осы берешектің барлық сомасына күтілетін кредиттік шығындар үшін резерв танылды.

**7 Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2024 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2023 жылғы 31 желтоқсан
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	6,486,339	4,795,765
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	805,618	822,838
Бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде айқындалған борыштық бағалы қағаздар	71,747	73,518
<b>Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар жиынтығы</b>	<b>7,363,704</b>	<b>5,692,121</b>

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 наурызға бағалау санаттары мен сыныптары бойынша борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар ашылған.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	Жиыны
ҚР ҰБ ноталары	-	-	-	-
Қазақстан мемлекеттік облигациялары	71,747	3,184,456	-	3,256,203
Корпоративтік облигациялар	-	3,301,883	-	3,301,883
Өзге де корпоративтік эмитенттердің облигациялары	-	-	814,957	814,957
<b>2024 жылғы 31 наурыздағы борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар жиынтығы</b>	<b>71,747</b>	<b>6,486,339</b>	<b>814,957</b>	<b>7,373,043</b>
Кредиттік шығындарға бағалау резерві	-	-	(9,339)	(9,339)
<b>2024 жылғы 31 наурызға борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар жиынтығы (баланстық құны)</b>	<b>71,747</b>	<b>6,486,339</b>	<b>805,618</b>	<b>7,363,704</b>

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсанға бағалау санаттары мен сыныптары бойынша борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар ашылған.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	Жиыны
Қазақстан мемлекеттік облигациялары	73,518	1,433,741	-	1,507,259
Корпоративтік облигациялар	-	3,362,024	-	3,362,024
Өзге де корпоративтік эмитенттердің облигациялары	-	-	832,377	832,377
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар жиынтығы</b>	<b>73,518</b>	<b>4,795,765</b>	<b>832,377</b>	<b>5,701,660</b>
Кредиттік шығындарға бағалау резерві	-	-	(9,539)	(9,539)

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**

**2024 жылғы 1-тоқсандағы қысқартылған аралық қаржылық есептілікке ескертпелер**

2023 жылғы 31 желтоқсанға борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар жиынтығы (баланстық құны)	73,518	4,795,765	822,838	5,692,121
--	--------	-----------	---------	-----------

**8 Өзге де активтер**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2024 жылғы 31 наурыз (аудиттелмеген)	2023 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын дебиторлық берешек	546,597	182,596
Құнсыздануға арналған резервті шегергенде	(181,043)	(112,585)
<b>Өзге активтер құрамындағы қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>365,554</b>	<b>70,011</b>
Төлемегені үшін алынған қамтамасыз ету	382,128	382,128
Табыс салығынан басқа салықтар	166,254	171,516
Қызметтер үшін алдын ала төлем	261,222	368,705
Шикізат және материалдар	66,947	71,679
Аяқталмаған құрылыс	270	5,795
Өзгелер	57,880	52,776
Құнсыздануға арналған резервті шегергенде	(47,724)	(47,099)
<b>Өзге активтер жиыны</b>	<b>1,252,531</b>	<b>1,075,511</b>

Төлемегені үшін меншікке алынған қамтамасыз ету мерзімі өткен кредиттерді реттеу кезінде Қор алған жылжымайтын мүлік объектілерін білдіреді. Қор бұл активтерді таяу болашақта сатуды көздеп отыр. Бұл активтер сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді айқындауға жауап бермейді және «Қорлар» ХҚЕС (IAS 2) сәйкес тауарлық-материалдық қорлар ретінде жіктелген. Бұл активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша танылды және сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге жіктеу өзгерген кезде әділ құны бойынша қайта бағалауға жатады.

**9 Қарыз қаражаты**

